

**«Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Сынып жетекшілігі туралы ереженің орындалуына есеп**

2023-2024 оқу жылында 1-11 «А», «Б» сыныптары жинтығына сынып жетекшілері тағайындалған.

Сиитова Ж., Мифтахова Д.Р. - 1 «А», «Б» сынып жетекшілері
Есмағанбет Қ.Қ., Булименко М.И. - 2 «А», «Б» сынып жетекшілері
Семья М., Каратовская Л.Н. - 3 «А», «Б» сынып жетекшілері
Картабаева Б.К., Азимова Г.Е. - 4 «А», «Б» сынып жетекшілері
Семия Н., Халанский Ю.А. - 5 «А», «Б» сынып жетекшілері
Кабдулина Г.К., Шаяхметова Г.Т. - 6 «А», «Б» сынып жетекшілері
Баймагамбетова Ж.А., Халанская Е.Р. - 7 «А», «Б» сынып жетекшілері
Оспанова С.К., Минуллина С.К. - 8 «А», «Б» сынып жетекшілері
Абишева Ф.Т., Науменко Т.И. - 9-10 «А», «Б» сынып жетекшілері
Томкова Н.Э. - 10 «Б» сынып жетекшісі
Жумагалиева А.С. - 11 «А» сынып жетекшісі

Сынып жетекшілерінің педагогикалық білімдері бар, жоғары оқу, арнаулы орта білім беру орындарын бітірген, тәжірибелі мамандар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығына сәйкес сынып жетекшілік ережесін орындайды.

Сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – білім алушының азаматтық өзіндік санасын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі іске

асыруын қалыптастыруы, оның тұлғалық өзін-өзі анықтауы, қоғамда табысты әлеуеттенуі мен бейімделуі үшін, білім алушылардың шығармашылығын дамыту, бос

уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасау.

Жалпы орта білім беру мазмұнында базалық құндылықтар: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және

шығармашылдық, ашықтық, өмір бойы білім алу болып табылады.

Сынып жетекшісі қызметінің міндеттері:

- 1) сынып активін қалыптастыру;
- 2) әр білім алушының тұлғасын дамыту, өзін-өзі таныту, оның әлеуеттік қабілеттерін ашу және қайталанбастығын сақтау үшін қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- 3) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- 4) сыныпта білім алушылармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру;
- 5) тұлғаның шығармашылық, рухани, табиғи мүмкіндіктерін дамыту;
- 6) салауатты өмір салтына ынталандыру;
- 7) оқушыларда адамгершілік-өнегелік және рухани қасиеттерді қалыптастыру, толеранттылыққа баулу;

8) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық

дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

9) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның

өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

10) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

11) оқушылардың бойында ұжымдық пен басқаларға жауапкершілік, және сезімдік,

достық тұрғысынан топта жұмыс істеуде қабілеттілігін қалыптастыру;

12) балаларға арналған қауіпсіз ортаны қалыптастыру.

Сынып жетекшілері сыныпқа арналған жыл сайын тәрбие ісі жоспарын құрып бекітіріп, жоспар бойынша сынып сағаттарын дүйсенбі күні өткізіп отырды.

Сынып сағаттарының тағырыптары тәрбие беру ісінің 8 бағыты бойынша жүзеге асырылды. Өткізілген сынып сағаттары туралы қысқаша есепті апта сайын мектептің әлеуметтік желілеріне жариялап отырды.

Оқушыларын қоғамдық іске белсене қатысуын жағдай жасап аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындарды иеленуіне ықпал етті.

2023-2024 оқу жылында сынып жетекшілері «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» аясында тәрбие жұмысының жоспарын құрды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық құндылықтарды : ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары арқылы сынып сағаттарын өткізді.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшінқызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениеттідәріштеу;

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатына сорапата білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Сынып жетекшілері әр аптаның дүйсенбі күні бірінші сабақта сынып сағатын өткізіп, өтілгені туралы ақпарат беріп отырды. Сынып сағаттарында белсенді әдіс-тәсілдерді, бейнероликтерді, таратап қағаздарды қолданып, қызықты әрі сабақ мақсатына жете алды. Сынып жетекшілері ашық сынып сағаттары атаулы күндері өткізді:

01.09.2023 жылы- 1 қыркүйек - білім күні *«Мектеп – мейірім мекені»;*

25.09.2023 жылы- *«Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында;*

«Көк тудың желбірегені» -25-қазан Республика күніне арналған сынып сағаты;

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған *«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбындағы «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы*

«Тарихқа тағзым» тақырыбында Ауған соғысының ардагерлеріне арналған сынып сағаты өтті. («Тарихқа құрмет» жобасы)

8 наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған *«Ана- өмірдің шырағы» тақырыбында ашық сынып сағаттары өтті;*

«Қош келдің өз Наурыз» тақырыбында ашық сынып сағаттары өткізілді.

1-сәуір халықаралық Аутизм күніне орай *«Аутизм туралы түсінік» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарына мектеп психологі Исмагулова А.К., медбике Каукунова К.К. қатысып, оқушыларға жалпы түсінік қалыптастыруда ақпарат беріп өтті.*

«1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» тәрбие сағаты 1-4

сыныптарында ұлттар шеруі арқылы жүргізілді. Әр сынып мысалы, 1-2 «А» сыныптары өзбек ұлтын, 3 «Б» сыныбы қазақ ұлтын, 2 «Б» сыныбы татар ұлтын, 4 «Б» сыныбы неміс ұлтын танытырды. Ұлттық киімінен бастап, тағамы, мәдениетінен өнер көрсетті.

5-11 сыныптары ұлттар достастығы флешмобын билеп, сынып сағаттарына қатысты.

7 мамыр — **Отан қорғаушылар күнінде** 5-11 сынып оқушылары арасында саптық ән байқауы өткізілді. Әр сынып әскери формада, дұрыс қадамдар басу арқылы патриоттық әндерді орындады. I орынды 10 «Б» сыныбы, II орында 7 «А» сыныбы, III орынды 8 «А» сынып оқушылары иеленді. «Ең үздік костюм» номинациясын 7 «А» сыныбы, «Ең үздік ән» номинациясын 5-6 сынып оқушылары иеленді. Оқушыларды саптық қадам басуын жаттықтырған аға тәлімгер Дакенов С.Р., форма және әнін үйретуші сынып жетекшілері.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні 1-11 сыныптары аралығында «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Оқушылар соғысқа қатысқан ардагер аталары туралы ақпарат роликтерін дайындады. Сынып жетекшілерінің бастамасымен Жалтыр ауылының орталық саябағында өтен Жеңіс күні шеруіне қатысты.

24-мамыр «Білімім – Отаным» тақырыбында сынып сағаты жалпы сыныптары аралығында жүргізілді. Оқушылар соңғы қоңырауға қарсы әртүрлі тақырыпта бейнероликтер әзірледі.

Мектепшілік, аудандық шығармашылық сайыстардың жеңімпаздары:

2 «А» сынып оқушысы Сиитова Зере;

3 «А» сыныбынан Мурзабекова Махаббат, Жақсылық Саягүл, Амангелді Маржан;

3 «Б» сыныбынан Каратовская Е., Габдуллина А., Бояльская Д.

4 «Б» Тулетаева Аружан, Мифтахов Малик;

5 «А» Серикпаева Шырын, Серикова Аружан;

5 «Б» Айтмухамбетова Сабина, Ислямбекова Сабина, Гельмудинов Ильфат;

6 «А» Беркенов Нұрдаулет, Жақсылық Батырхан;

6 «Б» Алхоева Амирина, Габдуллин Шамиль, Каметова Марйам, Комловская Снежана;

7 «А» Кабдрахманова А., Нәзірханқызы Л., Жақсылық О;

7 «Б» Кусаинова Айгерим., Исайчев Никита;

8 «А» Балтабек Ж., Серикпаева А;

8 «Б» Шахманова Диана;

9 «А» Омарбекова Мадина;

10 «А» Абишева Ж, Канафина Д;

10 «Б» Никитина К., Оспанова А.

Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы жөнінде есеп беріліп отырды. Сабақты себепсіз көп босатқан оқушылар: 3 «А» сынып оқушысы Буркытбай Балауса, 5 «Б» сынып оқушысы Тимофеева Лидия. Бұл оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жүргізілді, нәтижесінде Тимофеева Лидия мектептің ішкі бақылауына алынуға бұйрық шығарылды.

Білім алушылармен, оның ішінде олардың мінез-құлқында девианттылық пайда болған оқушылармен уақытылы жұмыс істеп, психологтің көмегіне жүгініп отырды.

Сынып жетекшісі апта сайын білім алушылардың, ата-аналарының күнделік кз кіруін қадағалап отырды. Білім сапасы төмендеп бара жатқан оқушыларға ата-аналары мен пән мұғаліміне алдын ала ескертіп отырды.

Сынып жетекшінің ата-аналармен жұмыс жоспарына сәйкес жылына әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Жиналыста әртүрлі сұрақтар, білім сапасы, оқушылардың мінез-құлықтары туралы талқыланып отырды.

Сынып жетекшілері оқушылардың мектептің қоғамдық өміріне белсене қатысуларына жағдай жасайды. Мектеп ауласын тазалау,

мерекелерде сахна безендіру, еріктілер клубының жұмыстарында қарт кісілерге көмек беру істеріне ат салысады.

Сынып жетекшілері жазғы каникулдағы қауіпсіздік ережелеріне нұсқаулық берді. Көлдер мен өзендердегі ережелер, жол қауіпсіздік ережелері, қалада, қоғамдық көліктердегі ережелер, орманда, электр тоғы т.б. ережелермен таныстырды.

Мектеп жанындағы жазғы алаңға оқушылардың толық қамтыруында сынып жетекшілері оқушыларға үгіт насихат жұмыстарын жүргізді. 1-4 сынып оқушылары және сынып жетекшілері этнолагерьде, орта буын пәндік үйірмелер, көгалдандыру, спорттық клубтардағы спорт секцияларына кіргізілді. Жоғары сыныптары мемлекеттік емтихан, аттестат алу кешіне дайындық жүргізеді.

Тәрбие ісі меңгерушілері: Найманбаева А.А., Баймагамбетова Ж.А.